

**Зырян ауданының мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 13/6-V " Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдардың мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы мәслихатының 2015 жылғы 18 қарашадағы N 51/2-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 03 желтоқсанда N 4251 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы мәслихатының 2017 жылғы 30 қарашадағы № 23/7-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 23/7-VI шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.).  
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы с а қ т а л ғ а н .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес, Зырян ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Зырян ауданының мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 13/6-V "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2842 нөмірімен тіркелген, 2013 жылғы 31 қаңтардағы "Көктас таңы", "Пульс! Зыряновска" № 4 газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1 тармақтың үшінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:  
"Мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына 12480 (он екі мың төрт жүз сексен) теңге көлемінде әлеуметтік көмек беріледі."

2. Зырян ауданының мәслихатының 2015 жылғы 30 қыркүйектегі № 47/7-V " Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек туралы"

Зырян ауданының мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 13/6-V шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі жойылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Зырян ауданының*

*мәслихат хатшысы*

*А. Байбуринов*

*Г. Денисова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК